

15.12.2017 ж.

**№1 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің 8-11 сыныптар бойынша
өткізілген қыздар жиналысының
Анықтамасы**

**Қатысқандар: ДТІЖО А.Жамберова
Аудандық жастар орталығының маманы: С.Джарымбетова
Мектеп психологтары: Л.Смайлова, Ұ.Кауменова
Медбикелер: Г.Қошуақова, В.Алимжанова**

Тақырыбы: Ерте жүктілік тәрбие жеткіліксіздігінің салдары

Мақсаты: Оқушылардың жыныстық жетілу туралы мағлұматтылығын анықтау.

Қыздар жиналысына қатысқан қыздар саны: 120

Жиналыста бүгінгі күннің күн тәртібіндегі мәселе туралы жан-жақты айтылды. Бұл трагедия тәрбиеден басталып жатқан жайы бар. Мектептің педагог-психологі Смайлова Ләззат «Ерте жүктілік тәрбие жеткіліксіздігінің салдары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада біз көз жұма қарап жүрген бұл өзекті мәселенің мән-жайынан барлық қыздарды хабардар етті. Өрімдей жас қыздардың басына түскен қасірет олардың өмірінде сызат қалдырды. Ашығын айтар болсақ, бұл күні жеткіншек қыздардың оң жақта отырып-ақ құрсақ көтеруі жиіледі. Бұрындары қысылғанда қуыс таппайтын құбылыс енді бір-екі жел сөзге ұласып, жабулы қазан жабулы күйінде қалатын болды.

Баланы тәрбиелеу ананың басты міндеті. Ұл өсті дегеннен өзіне жар болатын жанның арының тазалығына мән беру керектігін ана айтып отыруы керек. Бойжеткен қыздың қылығы көп, сондықтан да қызбаланың тәрбиесіне ананың ерекше мән бергені жөн. Қыз анасымен сырлас болып, өзін мазалаған ішкі ойларымен әрдайым бөлісіп отырса, жамандыққа жолықпайды.

Осы жиналыста 8-11 сынып оқушыларынан жыныстық жетілуі туралы мағлұматтылығын анықтау мақсатында алынған сауалнаманың нәтижесі таныстырылды.

Сауалнаманың нәтижесі төмендегіше:

1. Жыныстық жетілу қай жаста басталады?

А) 13 – 15 жас аралығы - 137 оқушы

Ә) 17 жас – 35 оқушы

Б) 25 жас -

В) Білмеймін – 10 оқушы

2. Анаңмен жақсы сөйлесесің бе?

А) ия сырласамын – 109 оқушы

Ә) жоқ -

Б) Әр кезде – 73 оқушы

3. Қыз балалардың гигиеналық ережелері қандай?

А) Тазалықты сақтап таза жүру керек – 182 оқушы

Ә) білмеймін –

4. Жыныстық жетілу кезінде организмде қандай өзгерістер болады?

А) Білмеймін - 18 оқушы

Ә) Бетіне дақтар шығады, ашушаң болады – 164 оқушы

5. Етеккір деген не?

А) Жыныстық өзгерістің басталуы – 182 оқушы

Ә) Білмеймін –

6. Мектеп ішінде немесе (басқа мектептер, колледждерде) ұл балалардан жақын досың бар ма?

А) ия – 8 оқушы

Ә) жоқ – 174 оқушы

Нәтижесінде: Қыз балаларымыздың гигиена ережелерін жақсы білетіндігі анықталды. Оқушы қыз балалар мектеп медбикесінен, сынып жетекшісінен, анасынан, мектеп психологінен осыған байланысты қажетті кеңестер алатындығын жазған.

Дайындаған: Смайлова Л.
Кауменова Ұ.



